



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Түпнұсқадағы «мінсіз скрипкада ойнау» тіркесі аударма тіліне «скрипкада шебер ойнау» болып аударылып отыр. Қазақ тілі табиғатына қиюластырылып, коммуникативтік мүддені ескере отырып аударылған. Түпнұсқа әңгіменің «жағымдылығы» жайлы болып отырғандықтан анықтауышты пысықтауышпен ауыстыру ұтымды қолданылған.

Аудару үстінде түпнұсқадағы басы артық сөздер, алып тастаса мағыналық өзгеріске ұшыратпайтын болса, сөздердің *түсірілуі* мүмкін[2]:

«Then it became louder, and sounded like a flute or a *distant hautbois*. [4]

Әр айтқан сайын қатайып, сазсырнайдай ойнайды. [1]

Аудармада «a distant hautbois» тіркесі түсіріліп отыр.

*Эпитеттің аудармада берілуі*

She had all the delicate grace of that Tanagra figurine that you have in your studio [4]

Оның сүйрік дене бітімі сіздің студияңызда тұрған танагр мүсінінен айнымайды, Бэзил. [1]

Көркем аудармадағы сөз таңдауға қатысты жаңсақтықтар баламалылық тұрғысынан бағаланады. Негізінен, қазақ тілінде «сүйріктей» теңеуі саусаққа қатысты нәзіктікті білдіру үшін қолданылады. «Delicate» эпитетін аударуда таңдап алынған балама прагматикалық қызметті ескеру қазақ тілді оқырманның таным-қабылдауына сай келмейді; болмашы қателік шығарманың эстетикалық функциясына нұқсан келтіреді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дориан Грейдің портреті. Роман. / Оскар Уайльд Астана: Аударма, 2011. - 344 бет
2. Жақыпов Ж. Аударматануды аңдату. — Оқулық. — Алматы ; «InnoPRESS» 2004. — 192 бет.
3. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. - Алматы, 1999. - 161 б
4. [www.planetpdf.com](http://www.planetpdf.com)
5. [www.adebiportal.kz](http://www.adebiportal.kz)
6. Алдашева. А. Аударматану. Алматы, «Арда», 2006, - 248 б.

ӘОЖ 8;81-26:347.78.034

#### САЯСИ МЕТАФОРЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әкімова Жақсыгүл

[Jaksygul.95@mail.ru](mailto:Jaksygul.95@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор С.К.Сәтенова

Адекватты аударма деп түпнұсқаның тек қана мәні мен мазмұнын бермейтін аударма, сонымен қатар түпнұсқадағы стилистикалық бояуы бар экспрессивті – эмоционалдық қасиетін беретін аударманы айтады. Бірақ аудармашы жұмысында стилистикалық мәселелерді туғыздыратын кездер да болады. Стилистикалық мәселелер мынадай түрлерін жатқыздыруға болады: а) лексико – стилистикалық; ә) грамматико – стилистикалық; б) және тілдің жеке жанрларын беруде туындайтын аударма сұрақтары. Бірақ стилистикалық құралдарды беруде аудармашы жалпы принциптерімен шектелмей көп таралған, қолданысқа жиі түсетін стилистикалық әдіс – тәсілдерді аудару жолдары, мен ерекшеліктерін білуі керек. Көп жағдайларда бейнелілік пен мәнділік лексикалық бірліктердің стилистикалық тәсіл ретінде қолдану арқылы жүзеге асады [3,286с.].

Сондықтан да, лексико – стилистикалық тәсілдерді беру аудармашыдан шығармашылық ыңғайды, түпнұсқада пайдаланылған стилистикалық құралдың ол үшін

маңыздығын, және екі тілде бұл стилистикалық тәсілдерді салыстырып, салғыстыра алатын қабілеттерді талап етеді.

Ал мақаладағы газет лексикасындағы қоғамдық – саяси лексика сөздік құрамдағы сандық әрі сапалық толығулардың айнасы. Газеттегі хабар, шетел жаңалықтары, проблемалық мақалалар сынды белгі жанрлар қоғамдық - саяси лексика элементтері көп қолданылатын мәтіндерден құралады. Оның үстіне газет атаулының басты қызметі – ақпарат жеткізу мен үгіт – насихат жұмыстары негізінен қоғамдық – саяси лексикаға жататын сөздер тобы арқылы іске асатындықтан, ол газеттің төл лексикасы саналады.

Ал сөздердің эмоционалды және экспрессивті ерекшеліктері олардың стилистикалық қолданыс аясын анықтап, стиль түріне қатыстылығын нақтылауға көмектесіп отырады. Газеттегі сөздер ауыспалы коннотациялық мағынада, кезеңдік сипатта қолданылады. Бұл жерде де өзге тілдік категориялар сияқты бағалауыштықты қажеттілік тударатындығын байқауға болады.

Мерзімді басылымдар құрылымындағы сөздердің мағыналық компонентінде бағалауыштыққа қажеттіліктің туындауы қоғамдық – әлеуметтік, саяси жағдайлармен тығыз байланыста қаралғанда ғана сыры ашылатын күрделі процесс. Публицистикада эмоционалды, экспрессивтік және стильдік бояулар құбылысты, ұғымды жай ғана бағалаумен шектелмейтіндігі, оны әлеуметтік бағалауыштықпен ұштастыра білдіретіндігінің бір ұшығы осы айтылғандармен байланысып отырады.

Газет бетінде сөздердің эмоционалды және экспрессивтік ауыспалы коннотациялық мағынада қолданысы ең алдымен стильдік құралы – метафора арқылы жүзеге асады. Метафораның эмоционалды – экспрессивті мән тудырудағы қызметін анық аңғаруға болады. Өйткені метафораның өзге салалардағы, атап айтқанда, сөзжасам мен терминжасамдағы қызметтері ғылыми тұрғыдан барынша терең қарауға сұранып тұрған мәселе екені байқалады.

Метафора қызметінің ауқымдылығын мына дәйексөз арқылы бағамдауға болады: «То, что метафора – вездесущий принцип языка, подтверждается простым наблюдением. В обычной связной речи мы не встретим и трех предложений подряд, в которых не было бы метафоры. Даже в сторгом языке точных наук можно обойтись без метафоры лишь ценой больших усилий. В различных отраслях знания: в эстетике, политике, социологии, этике, психологии, теории языка и т.д. – наши основные трудности связаны с выяснением того, как мы используем метафору и как наши по видимости устойчивые слова изменяют свои значения» [5,228б.].

Мақала барысында қазақ және ағылшын газет беттеріндегі саяси метафораларды аудару ерекшеліктері қарастырылған. Жұмыс барысында «Дала мен Қала», «KZaman», «Айқын» сияқты мерзімді басылымдар негізінде саяси метафоралар зерттелінген. Саяси метафораларды қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылу ерекшеліктерін қарастырғандықтан біз бұл бейнелеуіштік – бағалауыштық, эмоционалды – экспрессивті мағынадағы стилистикалық құралдың пайда болу мен аудару әдіс – тәсілдерін айқындап көрсетуге тырыстық.

Сонымен жұмыс барысында, саяси метафораның газет бетінде қолданысы мен қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылу әдіс – тәсілдердің ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу барысында жұмыс негізі ретінде Л.К. Латышевтің классификациясы негізге алынады.

Л.К. Латышев мынадай тәсілдерді бөледі: 1) транслитерация; 2) калька; 3) жақындатылған аударма (аналог/балама); 4) ұлттық ерекшелігінің элиминициясы; 5) сипаттамалы аударма.

Зерттеу қорытындысы бойынша газет беттерінде негізінен өрістетілген метафора түрі жиі қолданысқа түсетіні байқалды. Мысалы, егер қазақ тіліндегі өрістетілген метафоралық тіркесті алсақ: «**біреу түшкірсе, жәрекімалласын айтуға ұмытпау**»[35], ағылшын тіліне аударған кезде тек жай ғана тіркес ретінде берілетінін көреміз «*to lick one's foot*»[31]. Тағы бір мысал алсақ - та «**Шарадай басы шақшадай болу**» - «*to be weared out to death*» екі тіл арасындағы айырмашылықты айқын көре аламыз.

Яғни қазақ тілінде өрістетілген метафора ағылшын тіліне жай метафора ретінде аударылатынын байқатады. Бұдан мынадай қорытындыға келуге болады: негіз ретінде алынған екі тілдің, яғни қазақ және ағылшын тілдерінің арасында ешқандай туыстастық белгілерінің бомауынан және аналитикалық және синтетикалық түрлеріне, жататындықтан стилистикалық құралдардың қолдану аяларымен ерекшелінетіні айқын көрінеді.

Газет беттердегі көркемдегіш құралдың, яғни саяси метафораның, оқырманға ықпал ету, қоғамдық - әлеуметтік саяси сипатты публицистикаға концептуалды (ойды анық, нақты жеткізу) сөздердің әлеуметтік бағалаушылық элементтермен баю процесі тән болатынын аңғардық [5,228б.]. Ал әр бір сөз бен сөз тіркесті аудару кезінде бұл сөз бен сөз тіркестің мағыналарындағы эмоционалды – экспрессивті бояуын есте сақтаған жөн. Егер де бұл тіркестің бойында ешқандай эмоционалдық бояу болмаса да оны стилистикалық мәні бар нейтралды мағынаға тән болатынын аңғару керек. Яғни нейтралдық эмоцияналдығы аудармада сақталу керек екендігін ұмытпау керек.

Ал неғұрлым газет бетінде бейнелеуіштік құралдардың саны мен сапасы көп болса, соғұрлым оның оқырманға деген ықпал ету дәрежесін арттырады. Аудармашының негізгі міндеті болып, бұл жағдайда, қазақ тілінде берілген бейнелеуіштік құралдар жүйесін, ағылшын тіліне оған сәйкес оқырманға ықпал ететін бейнелеуіштік құралдар жүйесін пайдалануы қажет.

Жоғарыда айтылғанына сүйене отырып мақалада қарастырылатын саяси метафораның қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару ерекшеліктерін былай көрсетуге болады.

Қазақ және ағылшын тілдерінде метафоралар толық, яғни екі тілде дайын баламалар немесе аналогтар болады. Аналог дегеніміз - қазақ тіліндегі лексикалық бірліктерінің шет тілдегі лексикалық бірлігі сәйкес келетін мағынасының жақын болуымен ерекшелінеді. Мысалы, бақайшағына дейін қарулану деген метафоралық тіркеске сай ағылшын тілінде мынадай балама бар, мысалы:

**бақайшағына дейін қарулану** - *to be armed to teeth*

**тізгін ұстау** – *to keep somebody under somebody's thumb,*

*ауырсоққы болу* - *to be under the gun,*

**біреудің қытығына тию** - *to tickle one's vanity ( to shot somebody's nervous)*

және тағыда басқалар.

Бұл мысалдардан қарап отырғанымыздай, саяси метафоралардың қазақ және ағылшын тілдерінде бір – біріне сай келетін баламалар, аналогтар түрінде қолданылатынын тұжырымдауға болады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында біз саяси метафораларды аударуда калька тәсіліде қолданатынына көзіміз жетті. Жоғарыда атап өткендей, калька дегеніміз бір тілдегі лексикалық бірліктердің, екінші тілде оларға сай келетін сөздермен сөз тіркестері арқылы беруді айтамыз. Бұл тәсілде метафоралық тіркестерді аударуда өте жиі қолданатыны анықталды. Мысалы:

**Тақатан аудару** – *to throw somebody down the throne;*

**Аяққа таптыру** – *to trample under somebody's foot;*

**Дабыл қағу** – *to sound the alarm;*

**Арам ақшаны жуу** – *money laundry;*

**Біреудің қармағына түсу** – *to be in one's hook*

Бұл мысалдардан қазақ тіліндегі метафоралық тіркестер ағылшын тілінде оған сәйкес келетін әр сөздің қолданысы арқылы берілгендігін байқаймыз.

Газет беттерінде көбінесе кездесетін саяси метафоралық сөзтіркестері негізінен балама немесе аналог және калька тәсілдері түрінде берілітіні айқын көрінеді. Яғни тұрақты метафоралық сөз тіркестерде ұлттық ерекшелік пен бағытталғынын әртүрлі дәрежеде көрсететіндіктен, аудармашы үшін бұл тіркестердің бір бөлігі оларға тек жақындатылған аударманы, ал келесі бөлігі турамағынада қолданылуыда мүмкін. Бірақ сонымен қатар метафораны аудару үдерісі екінші тілдегі метафоралық тіркестердің баламаларының барымен жеңілдетіледі. Бұл әрекетте аудармашы алдында тек қана баламалардың арасынан

сол аударылатын тілдегі метафоралықтір кеске үлкен дәрежеде сай келетін тіркесті тауып алу болып табылады.

Сонымен қатар зерттеу жұмысында қазақ тілдегі саяси метафоралардың бір бөлігі ағылшын тіліне бейтарап лексика ретінде аударылытынында анықталды. Мысалы,

**Ұрынарға қара табаламау** – *to be in despair*;

**Жуанның жұқарып, жіңішкенің үзілуі** – *to eliminate somebody or to be sifted out*;<sup>[33]</sup>

**Етке әбден сіңіп кету** – *to get/ to grow accustomed to*;

**Көз құртына айналу** – *to become one's target*;

**Жаңадан жапырақ жаю** – *to renew*.<sup>[34]</sup>

Деген мысалдардан екі тілдегі метафора берілу тәсілдерінің арасындағы айырмашылықтар танылады. Яғни егер қазақ тілінде метафоралықтір кестер ретінде берілсе, ағылшын тілінде қолданысқа жиі түсетінін сөзтіркестер арқылы беріледі.

Осыған сәйкес біз саяси метафоралық тіркестерінің үлкен бөлігі аналог немесе балама және калька тәсілдері арқылы аударылатынын толығыменде айтуға құқылымыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Алдашева А. М. «Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер», - Алматы: «Арыс», 1998. - 215б.
2. Жақыпов Ж.А. «Аударматануды аңдату»: Оқулық. – Астана: ТОО «Искандер Ко», 2005. – 142б
3. Комиссаров В.Н., Рецкер Я.И., Тархов В.И. «Пособие по переводу с английского на русский» часть 2, Грамматические и жанрово – стилистические основы перевода, - Москва, «Высшая школа», 1995. - 286с.
4. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаева Б. «қазақ тілінің стилистикасы». Оқулық, 3 – ші басылым. – Алматы: «Дәуір», 2005. - 256б.
5. Момынова Б. «Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы)». – Алматы: «Арыс», 2003. - 228б.

УДК 82.09

ББК 83.0

## **ПРОБЛЕМЫ ВЕРСИФИКАЦИИ ИДЕЙНО-ХУДОЖЕСТВЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ СОНЕТОВ У. ШЕКСПИРА**

**Бабина Елена**

E-mail: babina-1996@mail.ru.

студентка 4 курса филологического факультета Стерлитамакского филиала Башкирского государственного университета, Стерлитамак, Республика Башкортостан, Россия  
Научный руководитель – П.А. Басманов

Перевод сонетов Шекспира с английского на русский далеко не простая задача, ввиду «завидного лаконизма английской речи», как заметил в свое время Б.Л. Пастернак. Пытаясь перевести сонеты в оригинале на русский, переводчикам очень сложно уложиться в рифму сонета и передать идейное и поэтическое содержание сонета. Нельзя забывать и проблему проявления особого неповторимого стиля Шекспира. Следует признать тот факт, что все переводы произведений Шекспира на английском языке – это версификации их истинного содержания.

Рассматриваемая нами тема была ранее затронута в работах таких исследователей: Г.М. Кружков [3, с. 3–9], Н.А. Гранцева [1, с. 224–236], В.А. Козаровецкий [2, с. 171–193]. Приняв во внимание накопленный ими опыт, мы проанализировали варианты переводов сонетов У. Шекспира трех известных русских поэтов и переводчиков – М.И. Чайковского, Б.Л. Пастернака и С.Я. Маршака.